

Маңғыстау облысы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2012 жылға арналған төлемақы ставкалары туралы

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2012 жылғы 04 сәуірдегі № 3/27 шешімі.
Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 25 сәуірде № 2126 тіркелді

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 38-бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы заңының 6-бабы 5-тармағына сәйкес
о б л ы с т ы қ м ә с л и х а т **Ш Е Ш І М** **Е Т Т І :**

1. Маңғыстау облысы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2012 жылға арналған төлемақы ставкалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес
б е к і т і л с і н .

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Ә. Сахимов

О б л ы с т ы қ

мәслихат хатшысы

Б. Жүсіпов

«КЕЛІСІЛДІ»

«Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны
қорғау министрлігі Экологиялық реттеу
және бақылау комитетінің
Жайық-Каспий экология департаменті»
мемлекеттік мекемесінің Маңғыстау
облыстық филиалының бастығы
Д . Ә л и е в

04 сәуір 2012 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

«Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі Салық комитетінің
Маңғыстау облысы бойынша
Салық департаменті» мемлекеттік
мекемесінің бастығы
Қ . А б д у л л а е в

04 сәуір 2012 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

**«Маңғыстау облысының табиғи
ресурстар және табиғат пайдалануды
реттеу басқармасы» мемлекеттік
мекемесінің бастығы
Е . Ж а н б ы р ш и н**

04 сәуір 2012 ж.

Облыстық мәслихаттың 2012 жылғы
4 сәуірдегі № 3/27 шешіміне қосымша

**Маңғыстау облысы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын
пайдаланғаны үшін 2012 жылға арналған төлемақы ставкалары**

Арнаулы су пайдаланудың түрі							
Теңіз бассейні	Тұрғын үй пайдалану және коммуналдық қызметтер (теңге/1000 текше м.)	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде (теңге/1000 текше м.)	Ауыл шаруашылығы (теңге/1000 текше м.)	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары (теңге/1000 текше м.)	Су көздерінен балық аулайтын балық шаруашылығы, тұтынушылар (теңге/тонна)	Су энергетика (теңге/1000 кВт.сағ)	Су көлігі (теңге/1000 т.км)
Каспий теңізі бойынша базалық ставкалар	72	206	58	56	146	-	7
2009 жылғы инфляция коэффициенті	1,062	1,062	1,062	1,062	1,062	-	1,062
2011 жылғы инфляция коэффициенті	1,074	1,074	1,074	1,074	1,074	-	1,074
Төмендету коэффициенті	0,6	0,6	0,6	0,6	0,6	-	-
Жоғарлату коэффициенті	-	-	-	-	-	-	1,9
2012 жылға арналған төлемақы ставкалары	49,27	140,97	39,69	38,32	99,91	-	15,16